**Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 қараша N 1262

Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-словения ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жарты жылда бір реттен сиретпей Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қарашадағы N 1262 қаулысымен бекітілген

**Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| N р/с | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындау үшін жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізу | 2003 жылдың І жартыжылдығы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 2 | Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға дайындау: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара қорғау туралы келісім | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім (келіссөздердің бірінші раундын жүргізу) | 2003 жылдың II жартыжылдығы | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім | | |
| 3 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-словения үкіметаралық комиссиясын құру | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Өнеркәсіп және энергетика секторларындағы ынтымақтастықты дамыту: | | |
| | "Достық" және "Адрия" мұнай құбырларын біріктіру жобасын және "Констанца-Триест" мұнай құбырын салу жобасын іске асыру мүмкіндіктері мәселесін пысықтау | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| | фармацевтік өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты дамыту (Алматы қаласында фармацевтік зауыт салу) | тұрақты | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Алматы қаласының әкімі |
| | құрылыс және құрылыс материалдары өндірісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту | тұрақты | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК